Сондай-ақ V бүркеншік есімді автор көсемше жұрнағы мен кел көмекші етістігінің бірлігінен тұратын «-n/-in/-ып келеді» тұлғасын өте жиі қолданатындығымен де ерекшеленеді. Мысалы: «Қысқасынан айтқанда, оқу-білім майданы Қазақстанда да гүлденіп келеді» (11-т. 427-б.); «Кеңес өкіметі орнағаннан бергі 6–7 жылдың ішінде қазақ жұртшылығы өсіп келеді. Қазақ тұрмысының қай саласы болса да белгілі жолға түсіп, ілгері басып, дамып келеді (13-т. 249-б.).

Автордың «Әдебиет дүниесінде» атты мақаласындағы бір ғана абзацтағы 6 сөйлемнің төртеуі өсіп келеді, дамып келеді, сауаттанып келеді, көбейіп келеді деп аяқталады. Бұдан автордың осы формантты жиі пайдаланатындығын көруге болады. «Келедіге» аяқталатын мұндай сөйлемдерді оның өзге мақалалары мен аудармаларынан да көптеп кездестіруге болады.

Автордың бұл аналитикалық формантты жиі қолдануының өзіндік себебі де бар сияқты. Ол жаңа социалистік қоғамның белсенді құрылысшысы ретінде өз мақалаларында кеңестік өмірдің жетістіктерін, жақсы жақтарын, халық тұрмысының оңға басып келе жатқанын айту үшін үнемі осы тұлғаны қолданады.

«V» бүркеншік есімді автор «Біртейлі салт-сана майданы» деп аталатын бір жарым беттік шағын мақаласында: «Бұ жіберу шеккен тәжірибе арқасында болып отыр» (12-т. 117-б.) — деп жазады. Осы сөйлемдегі «шеккен тәжірибе» тіркесі «Ештен кеш игі» деп аталатын мақаласында да қолданылады. «Оқу комиссариаты осы мектептің программн, шеккен тәжірибесін орындарға, қазақ ауылдарына жіберіп отыр» (12-т. 119 б.).

«Шеккен тәжірибе» тіркесі тек «V» мақалаларында ғана кездеседі. Ал Ә. Бөкейханның өз атын көрсетіп жазған, бүркеншік есіммен жарияланған мақалаларынан да бұл тіркесті кездестіре алмадық. «Шегу» сөзінің «тарту, өлшеу» мағынасында айтылуы да батыс говорына тән, бұл етістіктен жасалған «шеккі» (таразы) сөзі де қолданылады.

Мақалаларының соңына «V» деген бүркеншік есім қоятын автор «Оқу майданында шабандық бар» деген мақаласында: «Бұ майдандағы жүрісті ұшқырлатпай болмайды» (12-т. 123-б.) десе, «Мектепте кооперация сабағы» деген мақаласында: «Олай болса (солай екені даусыз) кооператив қызметкерлерін, мамандарын даярлау, көбейту жұмысын ұшқырландырмай болмайды» (12-т. 267-б.) деп жазады. Осы сөйлемдердегі «ұшқырлатпай», «ұшқырландырмай» етістіктері тек осы авторға ғана тән сөзқолданыс.

Авторлардың сөзқолданыс ерекшелігін анықтау барысында байқалған тағы бір назар аударатын нәрсе — «біртейлі» және «тейлі» сөзінің де тек «V»-дің еңбектерінде ғана ұшырасуы. Бұл сөз «V»-дің «Біртейлі салт-сана майданы» атты мақаласының атауы мен осы мақаладағы: «Оның бер жағында ұлт мемлекеттері жасап тұрған уақытта бұл мемлекеттердегі жасалатын жұмыстың мақсаты да біртейлі тапсыз қоғам жасау», «Гүбірне-гүбірненің арасын қатынастырып, біртейлі салт-сана тұғызу жұмысын ілгерілету үшін оқу комиссариаты оқытушыларды гүбірнеден гүбірнеге аударып жіберіп отыруы жөн» (12-т. 117-б.).

«Біртейлі» деген қолданыс әдеби тілге тән емес. Қазақ әдеби тілі мен қазақ тілінің аймақтық сөздіктерінде тіркелмеген. Говор зерттеулеріне қатысты кітаптарда бұл форма туралы мәлімет жоқ. Тек «Қазақ тілі говорларының батыс тобы» атты кітапта «тейлі» тұлғасының Батыстың орталық говорында айтылатыны жазылған. Мұнымен төркіндес *тейлес* деген сөз де «сияқты» мағынасында қолданылады [8; 100, 114].

Қыр баласы «Халықты ағарту туралы Лениннің өсиеті» атты шағын кітапшасын аударды (Мәскеу, 1925). Осы еңбекте аудармашы «ортақшыл», «ортақшылдық» сөздерін бірде-бір рет қолданбайды. Ал керісінше, «V» дәл осы кезеңде 1924 жылы жарық көрген «Самат өлеңдеріне сын», «Айтыс партияның күшейгендігін көрсетеді» мақалаларында «ортақшыл», «ортақшылдық» сөздерін ғана қолданады. «V» осы еңбектерінде «коммунист» сөзін мүлде қолданбайды. Ал Қыр баласы жоғарыда аталған «Халықты ағарту туралы Лениннің өсиеті» аудармасында оның орнына тек «коммунист» сөзін ғана аудармай қолданады. Осы кітапшада «коммунист» сөзін аудармашы Қыр баласы 110 рет қолдануы соған айқын дәлел бола алады. Сондай-ақ ол «V» өте жиі қолданатын

«жолдас» сөзін де сирек пайдаланады. «V» негізінен «Ленин жолдас», «Жолдас Ленин», «Сәкен жолдас Сейфуллин» (11-т. 393-б.) деп жазса, Қыр баласы көлемді аудармасында «Ленин жазғанға тесіле қарап», «Сонда Ленин айтты», «Ленин қалай бағалағаны», «деп тағы Ленин жазған» «Лениннің айтқаны», «Лениннің өсиеті» деп, бірде-бір рет «жолдас» сөзін тіркестірмейді. Қыр баласының осы аудармасында «V»-дің еңбектерінде кездеспейтін «буржуазияның» қазақша аудармасы ретінде алынған «жатыпішер тоққарын» тіркесін (11-т. 470, 471) атауын 38 рет қолданады. Осындай сөзқолданыс ерекшеліктері де бұл авторлардың бір адам емес екенін айқындауға көмектесетін деректер.

«V» мақалалары мен аудармаларында ғана қолданылатын *шамашыл, шегімпаз, үмітшіл, тегісшіл, сары уайымшыл, қаңғыбас қиял, жиянгершілік, себепшілдік, апатшылдық, мұратшылдық, әлеуметшілдік* сияқты саяси-әлеуметтік сөздер мен марксизм-ленинизм теоретиктерінің еңбектерінде кеңінен қолданылатын терминдер, сол кезеңнің өмір шындығын, кеңестік қоғамның өзіндік келбетін көрсететін XX ғасыр басындағы актив лексика қатарында болған атаулар да аз емес. Мына келтірілген сөздер солардың бір парасы ғана.

«V» бүркеншік есімді автор «Оқушыдан көмек күттік» деген мақаласында: *«Журналымыздың алдырушылары күн санап өсіп келеді. Осы күні мыңға таяу оқытушылар алдыртып тұрады. Журналды алдырушылардың көбеюіне көңіліміз сүйсінеді. Жолдас Ленин бұл жұмысты баса тапсырып кеткен, «Жаңа мектептің» тағы бір ірі мақсұты — оқытушылардың тұрмысымен танысып тұру* (12-т. 298–299-б.) — деп жазады.

Бұл мақалада бір жыл бойы журналдың атқарған жұмысы жайлы баяндап, өздерінің жоспары, алдағы мақсаттары, журналға жазылушыларына деген талап-тілектері туралы айтылады. Мақаланы «Жаңа мектеп» журналының құрылтайшысы, басылым редакторы жазып отырғаны анық байқалып тұр. Өйткені мақала журнал атынан, сол журнал атынан сөйлеуге қақылы ресми тұлға атынан жазылған. Оны журнал редакторы деп нанымды болжам айтуға негіз бар.

Бұл айтылғандармен бірге «V»-дің осы журналға қатыстылығын көрсететін тағы бір маңызды жанама дәлел бар. «V» бүркеншік есімді автордың Ә. Бөкейханның 15 томдық шығармалар жинағына енген еңбектерінің басым бөлігі «Жаңа мектеп» журналында жарияланған. 15 томдықта V бүркеншік есімді автордың қазақша 31 еңбегі беріледі. Соның 18-і — «Жаңа мектеп» журналында, 7-еуі — «Еңбекші қазақта», 5-еуі — «Қызыл Қазақстан» журналында, тек біреуі ғана — «Жас қазақта» жарық көрген. 1923–1924 жылдары «Еңбекші қазақ» газетінің жауапты редакторы, 1925 жылдан жаңадан шыға бастаған «Жаңа мектеп» журналының редакторы Молдағали Жолдыбайұлы болғаны белгілі.

Нәтижелер мен олардың талқылануы

Сонымен жоғарыдағы тілдік талдауларымыз бен өзге де келтірген дерек-дәлелдерімізге сүйене отырып, біз мынадай қорытындыға келеміз:

1. XX ғасыр басында еңбектерінің соңына «V» бүркеншік есімін қойып жариялаған автор белгілі қаламгер-журналист, оқу-ағарту қайраткері, әдіскер-педагог, аудармашы Молдағали Жолдыбайұлы (Жолдыбаев) деп пайымдаймыз.

2. «V» бүркеншік есімді автор мен Әлихан Бөкейханның өз атынан және Қыр баласы бүркеншік есімімен жариялаған еңбектерінен олардың саяси ұстанымы мен кеңестік құрылысқа, социалистік қоғамның идеялогиясына, коммунистік партияға көзқарастары екі басқа қайраткерлер екені айқын көрінеді.

3. Қыр баласы мен «V» бүркеншік есімді автордың жазу стилі мен сөзқолданыстарында елеулі өзгешеліктер бар. Тұжырым жасау кезінде біздің табан тіреп отырған негізгі ғылыми дәлелдеріміз де осы тілдік деректер. Олардың бірқатары жоғарыда салыстырыла талданды. Біз келтіргеннен өзге де екі автор тілінің айырмашылықтарын аша түсетін дерек-дәйектер әлі де бар. Осы келтірілген мысалдар мен салыстырыла көрсетілген ерекшеліктер бұл мәселеде бір тоқтамға келуге жеткілікті болар деген оймен біз бұл еңбекте оның бәрін тізбелеп бермедік. Оның үстіне осы кітапта Әлихан Бөкейхан тілінің ерекшеліктері жайлы арнайы сөз болады. Зерттеудің сол бөлігінде алаш көсемінің сөз саптау мәнері, жиі қолданатын сөздері, оның қаламынан туған терминдері мен өзіндік стилі жайында біршама кеңірек қарастырылады.

4. «V» бүркеншік есімді автор қазақ әдеби тілін жетік меңгерген, тілі жатық, ойын өте жүйелі жеткізетін, қаламы төселген маман екеніне қарамастан оның жазу стилінде батыс аймағы тіліне тән өзгешеліктер бар. Соларды негізге ала отырып, «V» бүркеншік есімді автор Қазақстанның батыс облысының азаматы деп санаймыз.

5. «V» бүркеншік есімді автордың мақалаларында келтіретін мәліметтері, жергілікті халық өмірі мен білім, мәдениет саласына қатысты деректері де негізінен батыс өңіріне, оның ішінде Орал облысы Жымпиты уезіне қатысты болып келеді. Сонымен қоса оның осы өңірдің тарихы мен қазіргі жағдайын да жақсы білетіні еңбектеріндегі нақты мәліметтерінен анық байқалады.

Молдағали Жолдыбайұлының (1887–1938) Орал облысының Ілбішін уезі, Қурайлы болысына қарасты 2-ауылда дүниеге келгенін, оның 1920 жылы Жымпиты уездік ревкомының уақытша төрағасы, РК (б) П Жымпиты уездік комитетінің алғашқы мүшесі және мәдени-ағарту бөлімінің меңгерушісі, 1921 жылдың көктемінен бастап РК (б) П Жымпиты уездік комитетінің төрағасы, сол жылдың соңынан бастап 1922 жылдың басына дейін Орал губерниялық атқару комитеті төрағасының орынбасары сияқты қызметтерді атқарғанын ескерсек, оның өмірбаяндық деректері де бізді «V» бүркеншік есімді авторды Молдағали Жолдыбайұлы деп тануға жетелейді.

6. Сонымен қоса «V» бүркеншік есімді автордың барлық жазған еңбектерін саралап қарау барысында, оның көтеретін мәселелері мен қарастыратын, талдап-таразылайтын негізгі тақырыптары айқындалды. Жазған еңбектерінде қарастырған, қалам тартқан мәселелермен оның шығармашылығына арқау болған негізгі тақырыптар мыналар: а) Білім беру, сауат ашу, ағартушылық, оқу-оқыту әдістемесі, мұғалім мен оқытушыларды даярлау, білімін жетілдіру, олардың кәсіби дайындығы және мектеп пен пән оқулықтарының, оқу құралдары мен бағдарламаларының жай-күйі; ә) Мәдениет, әдебиет, тіл, дін және тарих мәселелері; б) Кеңестік құрылысты, марксизм-ленинизм, социализм идеясын насихаттау, пролетариат диктатурасын орнықтыру, кеңес үкіметінің саяси курсының дұрыс екенін жұртқа түсіндіру, елді ұжымдасуға (коллективтендіру) үгіттеу, бұқараны саяси сауаттандыру және т.б.

7. Молдағали Жолдыбайұлы қалам тартқан тақырыптар мен көтерген мәселелер оның бүкіл өмір, еңбек жолында атқарған қызметі алған білімі, педагогтік және әдеби шығармашылығы мен саяси-партиялық ұстанымдарымен толық сәйкес келеді. Ал алаш көсемі Әлихан Бөкейханның көтерген мәселелері мен сөз қозғаған, зерттеген тақырыптары оның саяси мәртебесі мен қайраткерлік деңгейіне сәйкес өте ауқымды да кең. Олар білім беру, оқу-ағарту, мектеп және сауат ашу және өзге де белгілі бір сала мәселелерімен ғана шектелмейді. Сондай-ақ ол белгілі бір аймақпен, өңір мәселелерімен де тұйықталмай, бүкіл ел аумағын, Ресей жағдайы мен еларалық, халықаралық саяси-экономикалық қатынастарды салыстырып, саралап қарай отырып талдайды. Әлемдік ғылым мен дүниежүзінің саяси ахуалынан да хабардар етіп отырады. Өйткені ол ең алдымен ірі саясаткер, ел тәуелсіздігі жолында күрескен, ұлттық партия құрған саяси күрескер, Алашорда үкіметін басқарған мемлекет басшысы әрі өз заманының ең озық білімін алған кең тынысты экономист, заңгер. Содан кейін барып ол жер жағдайын, ауыл шаруашылығының қыр-сырын терең білетін ғалым, екі тілге жетік аудармашы, журналист, әдеби қызметкер. Сондықтан да Қыр баласы мен «V»-дің қаламынан туған еңбектерінің, шығармашылығының тақырып ауқымы мен көтерген мәселелері сәйкес келмейді. Мұны әлихантанумен шындап айналысып, алаш көсемінің мұрасымен жан-жақты танысып, шығармашылығын ыждағаттылықпен зерделеген кез келген зерттеуші анық ажырата алады деп білеміз.

8. Бұлармен қоса Молдағали Жолдыбайұлының («V» бүркеншік есімді автордың) Ә. Бөкейхан шығармалары жинағының қатарына енген 31 жарияланымының 25-і (18+7) өзі редакторы болған «Жаңа мектеп» журналы мен «Еңбекші қазақ» газетінде жарық көруі де көп нәрсені аңғартады.

9. «V» бүркеншік есімді автордың бірқатар мақаласында оқырмандарына «Жаңа мектеп» журналы атынан үн қатуы да оның осы басылымның редакторы екенін айғақтай түседі.

10. Молдағали Жолдыбайұлы ҚАКСР Халық ағарту комиссариатына қарасты Академиялық орталық төрағасы, Қазақстан Халық ағарту комиссариаты жанындағы әдістемелік кеңестің төрағасы болды. «V» бүркеншік есімді автордың мақалаларында осы мекемелерге қатысты, солардың қызметімен байланысты мәліметтер, соларға қарата айтылған ұсыныс-пікірлер өте көп. Мысалы: «*Тапқан материалдарды комиссариаттың білім кеңесіне жіберуі керек*» (13-т. 249-б.) және т.б.

Қорытынды

Тілдік талдауларымыз бен өзге де деректерімізді сараптау негізінде жасалған тұжырымдарымызға сүйене отырып, мына төмендегі мақалалар мен аудармалар Молдағали Жолдыбайұлына тиесілі деп санаймыз.

Олар мыналар: «Қазақстанда програм-әдіс жұмысы» (8-т. 345–348-б.), «Тарих керек» (10-т. 207–209–10-т. 211–214-б.), «Өктәбір төңкерісі һәм халық шаруасы» (10-т. 211–214-б.), «Самат өлеңдеріне

сын» («Жас казак» № 10–13, 1923 ж. 11-т. 387–403-бб.); «Айтыс — партияның күшейгендігін көрсетеді» (11-т. 405–406-б.), «Жаңа мектеп» неге шығару керек болды?» (11-т. 425–428-б.), «Жолдас Лениннің күнбе-күн жазып жүрген дәптерінен бірнеше сөздер. (11-т. 429–432-б.), «Оқушыларға сенеміз» (11-т. 435–438-б.), «Санақ пен жұртшылық» (11-т. 439–441-б.), Тарихи затшылдық қисыннан» (444–447-б.), «Детеминизм, индетерминизм (керектік пен ықтиры)» (11-т. 449–456-т.), «Оқытушы — кеңес құрылысының ұстасы» (11-т. 459–461-б.), «Біртейлі салт-сана майданы» (12-т. 116–117-б.), «Ауылда мәдениет жұмысы» (12-т. 120–121-б.), «Оқу майданында шабандық бар» (122–123-б.), «Алдымен мектеп үйі керек» (12-т. 124–125-б.), «Мектепте кооперация сабағы» (12-т. 266–268-б.), «Оқытушының білімін толықтыру» (12-т. 270–271-б.), «Ауылдағы панасыз балаларды қорғау — міндетіміз» (12-т. 278–280-б.), Мағжан Жұмабайұлының кітабына жазылған «Сауатты бол!» (12-т. 274–275) деп аталатын сыны, «Әдебиет дүниесінде» (13-т. 249–250-б.), «Ана мен бала» (13-т. 252–254-б.), «Диалектілік затшылдық» (255–262-б.), «Диалектілік затшылдық» (291–296-б.), «Оқытушыдан көмек күттік» (12-т. 298–299-б.), «Детеминизм, индетерминизм (лажсыздық пен ықтиры)» (12-т. 320–322-б.), «Дін мен мектеп» (13-т. 336–337-б.), Н.И. Бухариннен аударған «Тарихи затшылдық қисыны» (8-т. 350–354-бб.), «Тарихи затшылдық қисыны» (13-т. 351–354-б.), «Тарихи затшылдық қисыны» (13-т. 340–348-б.), «Тарихи затшылдық қисыны» (13-т. 359–365-б.), «Тарихи затшылдық қисыны» (13-т. 373–374-б.).

Бұл тізімдегі еңбектерді М.Жолдыбайұлының ірі мемлекет қайраткері, ұлт көсемі Әлихан Бөкейхан мұрасына еш нұқсан келмейді. Ол онсыз да артына мол мұра қалдырған көрнекті тұлға. Қайраткер қалам иесінің әр сөзін тауып-танып, орнына қою, оның ұлтымыз үшін аса құнды мұрасын қоспасыз саф таза күйінде сақтау, жан-жақты зерттей отырып одан сабақ алу, құнын жоймайтын ғылыми еңбектерінің нәтижелері мен тұжырымдарын, төл туындылары мен әлем классиктерінен таңдап-талғап аударған аудармаларын игілімізге жарату, озық ойы мен ұлт мұратын көздеген тағылымы мол шығармаларындағы өміршең идеяларын ұрпақ санасына сіңіру баршамыздың парызымыз.

Ұлттық энциклопедияда Молдағали Жолдыбаев (Жолдыбайұлы) туралы: «Ү», «Сасқан» бүркеншік есімдерімен, «Сын», «Әдебиет дүниесінде», «Исатай Тайманұлы», т.б. мақалалар, «Жол-жөнекей», «Айрылу», «Тірілу», «Бесқашқын» атты әңгіме-новеллалар жазды» [9; 27] деген мәлімет беріледі. Осындағы «Ү» мен «V» ұқсастығы немесе Ү-нің аяғының өшіп қалуы зерттеушілерді, қолжазбамен жұмыс істеп оларды көшірушілерді жаңылыстырды ма екен дейін десек, түрлі газет-журналдың бірнеше санына шыққан мақалалардың бәрінде олай болуы мүмкін емес.

Сонымен сөзімізді түйіндей келгенде дәл сол кезеңде Ә. Бөкейхан пайдаланған «V» бүркеншік есімін араға 15–20 (дәлірегі 17–18) жыл салып барып 20-жылдардың ортасынан бастап Молдағали Жолдыбайұлы да пайдаланған деуге негіз бар. Мұндай сәйкестіктің болу мүмкіндігін ешкім жоққа шығара алмаса керек. Екі автордың еңбектерін бір адамның мұрасы ретінде танып, Ә.Бөкейхан шығармаларының жинағына енгізуге осы ортақ бүркеншік есім себеп болған деп пайымдаймыз.

«V» бүркеншік есімінің артында тұрған автор Молдағали Жолдыбайұлы бастапқыда алаш зиялылары қатарында болып, 1919 жылдан бастап РК(б)П қатарына кіріп, компартия жолына адал қызмет еткен, БК(б)П ОК жанындағы Марксизм-ленинизм институтының қызметкері болған, «Коммунистік партияның манифесін», В.И. Лениннің бірқатар еңбегін қазақ тіліне аударған адал коммунист екені сөзсіз.

Тілші ғалым Ғ. Әнес «Түрік баласы» деген бүркеншік есімнің Ахмет Байтұрсынұлына тиесілі екені туралы мақаласында «V» туралы: «Әрине, біз бұл жылдардың жазбаларының соңына түскен маманы емеспіз, бірақ біздің ұстазымыз, бар ғұмыры архивте өткен марқұм Бейсекең — Бейсенбай Байғалиев «Еңбекшіл қазақ»-тағы «V» деп қол қойған, кеңесті мақтап, Ленинді жоқтап жазған Молдағали Жолдыбаев» деп отырушы еді...» [10] — деп жазған еді.

Бейсенбай Байғалиев айтса айтқандай-ақ, тек «Еңбекші қазақ» ғана емес, «Жаңа мектеп» журналында да «V» бүркеншік есімін пайдаланып мақалалар жазған, аудармаларын жариялаған Молдағали Жолдыбайұлы екеніне біз келтірген көп дерек пен оның өзіне тән стильдік және сөзқолданыс ерекшеліктері дәлел болар деп ойлаймыз. Қарымды қалам иесі Молдағали Жолдыбайұлының «кеңесті мақтап, Ленинді жоқтап жазғаны» да айдай ақиқат. Оны растайтын мәліметтер жоғарыда жеткілікті мөлшерде келтірілді.

Ұстанған бағытынан таймай кеткен алаш көсемі Әлихан сынды қуғын-сүргін құрбаны болған алаш зиялыларын айтпағанда кеңестік кезеңде қазақтың көрнекті қаламгерлерінің көбі компартия қатарында болды. Ленинді, партияны мадақтап, жырламағандары да некен саяқ. Уақыт, қоғам, саясат

сондай болды. Сондықтан Молдағали Жолдыбайұлын партияға қатыстылығына, саяси көзқарасына карамастан XX ғасыр басында ұлттық білім беру жүйесі мен мәдениетінің, әдебиеті мен баспасөзінің дамуына елеулі үлес қосқан белгілі қазақ зиялысының бірі ретінде таныған орынды. Ол тек кеңес одағын нығайтуға қызмет еткен белсенді партия қызметкері ғана емес. Оның еңбектерінен қазақтың әдеби тілін жетік меңгерген, баяндау стилі жатық, қаламы төселген және өте өнімді жазатын қаламгер, жоғары білікті маман екені анық байқалады. М. Жолдыбайұлының әсіресе білім беру саласын, мектеп жайын, оқу-ағарту ісін, мәдениет пен баспасөз жайын жетік білетін білікті ағартушы-педагог екенін атап айту қажет. Сондықтан алдағы уақытта қайраткер қалам иесінің шығармашылығын, соңында қалған әдеби және педагогикалық мұрасын әлі де терең зерттеп, қаламынан туындаған еңбектерін түгендеп, шығармаларының толық жинағын кітап етіп бастырып шығару қажет деп санаймыз. Сонда тағы да көп нәрсенің басы ашыла түсері анық.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Бөкейхан Ә. Шығармалары=Сочинения. / Ә. Бөкейхан. Толықтырылған екінші басылымы. – 15-том. // Құрастырған, алғысөздері мен түсініктерін жазған С.Жүсіп (Аққұлы). — Астана: «Сарыарқа» баспасы, 2016.
- 2 Аққұлұлы С. Ғарифолла Әнес және басқаларға ашық хат [Электрондық ресурс] / С. Аққұлұлы. Қол жеткізу режимі: <https://abai.kz>.
- 3 Аққұлы С. Алаш көсемі абақтыда жазған мақалаларына «V» деген лақап ат қойған [Электрондық ресурс] / С. Аққұлы. — Қол жеткізу режимі: <https://abai.kz>.
- 4 Омарбеков С. Қазақтың ауызекі тіліндегі жергілікті ерекшеліктер / С. Омарбеков. — Павлодар: Павлодар мемлекеттік университеті, 2008. — 224 бет.
- 5 Нұрмағамбетов Ә. Қазақ говорларының грамматикасы / Ә. Нұрмағамбетов. — Алматы: «Ғылым», 1986. — 112 бет.
- 6 Қалиев Ғ. Қазақ диалектологиясы / Ғ. Қалиев, Ш. Сарыбаев. — Алматы: «Ана тілі», 1991. — 200 бет.
- 7 Ильминский Н. Материалы к изучению киргизского наречия / Н. Ильминский. — Казань: Унив. типогр., 1861. — 199 с.
- 8 Нұрмағамбетов Ә. Қазақ тілі говорларының батыс тобы / Ә. Нұрмағамбетов. — Алматы: «Ғылым», 1978. — 216 бет.
- 9 «Қазақстан». Ұлттық энциклопедия. 4-том. — Алматы: «Қазақ энциклопедиясының Бас редакциясы», 2002.
- 10 Әнес Ғ. Бір бүркеншік есім / Ғ. Әнес. // Қазақ әдебиеті. — 2013.

III. Құрманбайұлы

Об авторской принадлежности трудов Алихана Букейхана, опубликованных под псевдонимом «V»

В 2016 г. вышло в свет новое 15-томное собрание сочинений лидера «Алаша» Алихана Букейхана. Данный сборник является результатом кропотливого труда и глубоких поисков. В статье приведены сведения о том, что некоторые статьи и записи в многотомнике, по мнению букейхановедов, не имеют отношения к вождю нации А. Букейхану. Эти факты вызывают сомнения, вопросы. Особое внимание уделено статьям, написанным под некоторыми спорными псевдонимами. Например, статьи, написанные под именем «V», которое считается одним из псевдонимов лидера Алаша. Обоснованы мнения, что статьи не соответствуют языковому стилю и политической позиции Букейхана. Доказано, что некоторые из записей, связанных с псевдонимом, принадлежат не А. Букейхану, а Молдағали Жолдыбаеву, состоявшему в правительстве Алаш, а затем присоединившемуся к большевикам и являвшемуся сторонником коммунистических идей. Показано, что политические взгляды этих авторов и их позиции по отношению к политическому курсу Компартии, советской идеологии не совпадали. На основании исследования, проведенного автором настоящей статьи, сделан следующий вывод: за псевдонимом «V» стоят два автора, кроме того, была определена авторская принадлежность трудов.

Ключевые слова: псевдоним «V», Алихан Букейхан, Молдағали Жолдыбаев, Алаш, стилистические особенности.

Sh. Kurmanbaiuly

On the authorship of Alikhan Bokeikhan's works, published under the pseudonym "V"

In 2016, a 15-volume collection of works by Alash leader Alikhan Bokeikhan was published. The collection in 15 volumes is written with painstaking work and deep searches. However, some articles and records given in the multi-volume book by Bokeikhan scholars are not related to the leader of the nation A. Bokeikhan and raises doubts and questions. Particular attention should be paid to articles written under some controversial pseudonyms. For example, articles written under the name "V", which is considered one of the aliases of the leader of Alash, do not correspond to the language style and political position of Bokeikhan. In this article, based on linguistic and historical data, the affiliation to Bokeikhan of articles registered under the pseudonym "V" in the 15-volume collection of Alikhan Bokeikhan is analyzed. It is proved that some of the records associated with this pseudonym do not belong to A. Bokeikhan, but to Moldagali Zholdybaev, who at the beginning was in the Alash government, and then joined the Bolsheviks and was a supporter of the communist idea. It is shown that the political views of these authors and their positions regarding the political course of the Communist Party and Soviet ideology also do not coincide. As a result, it is concluded that there are two authors behind the pseudonym "V", and it was established who owns which work.

Keywords: pseudonym "V", Alikhan Bokeikhan, Moldagali Zholdybaev, Alash figures, stylistic features.

References

- 1 Bokeikhan, A. (2016). *Shygarmalary-Sochineniia* [Works by Alikhan Bokeikhan]. Compiled by S. Zhusip (Aqqululy). *Tolyqtyrylgan ekinshi basylymy – Completed second publication. Vol. 15.* Astana: «Saryarqa» baspasy [in Kazakh].
- 2 Aqqululy, S. (2013). Garifolla Anes zhane basqalardga ashyq khat [Open letter to Garifolla Anes and others]. Retrieved from <https://abai.kz> [in Kazakh].
- 3 Aqqululy, S. (2016). Alash kosemi abaqtyda zhazgan maqalalaryna «V» degen laqap at qoigan [The Alash leader gave the nickname "V" to his articles written in prison]. Retrieved from <https://abai.kz> [in Kazakh].
- 4 Omarbekov, S. (2008). Qazaqtyn auyz tilindegi zhergilikti erekshelekter [Local features of the Kazakh spoken language]. Pavlodar: Pavlodar memlekettik universiteti [in Kazakh].
- 5 Nurmagambetov, A. (1986). Qazaq govorlarynyn grammatikasy [Grammar of Kazakh dialects]. Almaty: «Gylym» [in Kazakh].
- 6 Qaliyev, G., & Sarybaiyev, Sh. (1991). Qazaq diialektologiiasy [Kazakh dialectology]. Almaty: «Ana tili» [in Kazakh].
- 7 Ilminsky, N. (1861). Materialy k izucheniiu kirgizkogo narechiia [Materials for the study of the Kyrgyz dialect]. Kazan: Universitetskaia tipografiia [in Russian].
- 8 Nurmagambetov, A. (1978). Qazaq tili govorlarynyn batys toby [Western group of dialects of the Kazakh language]. Almaty: «Gylym» [in Kazakh].
- 9 (2002). «Qazaqtan». Ulttyq entsiklopediia ["Kazakhstan". National Encyclopedia]. Almaty: «Qazaq entsiklopediasynyn» Bas redaksiiasy [in Kazakh].
- 10 Anes, G. (2013). Bir burkenshik esim [One pseudonym]. «Qazaq adebiety» [in Kazakh].

Б.Б. Тагудретова*

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: t.bota_90_10@mail.ru)

М.Байғұт шығармаларындағы әлеуметтік шындық және замандас бейнесі

Мақалада М.Байғұттың тәуелсіздік жылдары жарық көрген прозалық туындылары онда көтерілген әлеуметтік шындық, идеялық ерекшелік, жаңа заман келбеті, дәуірі тудырған замандас бейнесі, адам-заман концептісі тұрғысында қарастырылған. Заман, замандас бейнесінің қазіргі қазақ әдебиетіндегі көрінісін барынша айқындау мақсатында қоғамдық дерттерді бойына молынан сіңірген жандардың өмірлік шындықтарын жинақтаған характерлердің сипаты олардың іс-әрекеті, сөзі, ойлары, қарам-қатынасы шебер ұштастыра отырып талданған. Осы тұрғыда жазушының көркемдік ізденістерінің жетістіктерін танытарлық шығармалары талдау нысаны етілген. Адамзатты толғандырып жүрген түрлі өміршең мәселелерді көтерудегі автордың танымдық ұстанымы ашылған. Рухани азғындау, «ақша-құдайға» бас ұру, ортаны жатсыну, нашақорлық т.б. қазіргі қоғамдағы рухани індеттер шынайы оқиға желілері арқылы себеп-салдарлық байланыста ашылғаны көрсетіледі. Жаһандану дәуіріндегі ұлт пен оның болашағы жайлы эстетикалық ойлар бағамдалып, қаламгердің даралық қолтаңбасы да біршама айқындалады. Екі дәуірдің куәгері М.Байғұттың әдебиетіміздің жаңа келбетін жасауға ұмтылған шығармаларының өмірлік қажеттілігі тұжырымдалды.

Кілт сөздер: әлеуметтік шындық, заманауи мәселе, жаһандану дәуірі, замандас бейнесі, адам және қоғам.

Kipicne

Әдебиет — ақиқат өмірдің көркем баламасындай қабылданатын өнердің үлкен саласы. Әр дәуірдің өзіне тән шындығы, тарихи дамуы, өзгерісі, өзіндік тыныс-тіршілігі бары рас. ХХІ ғасыр — ғылым мен техниканың қарқынды дамыған, адамзаттың ой-санасы талай үлкен жаңалықтарды ашып, әлемдік деңгейде қарыштап, жаһанданған дәуір. Осы айтылған «дамыған заман», «жаңа заман» үдерісі қоғамымызға, әлеуметтік санамызға барынша ықпал етіп жатқаны сөзсіз. Жаңа заман — жаңа адамдарды өмірге алып келетінін ескерсек, барлық адами құндылықтарды ұлықтайтын гуманизмге бет бұру, мәдениет пен өнердің маңыздылығына мән беру қажеттілігі уақыт талабына айналып отыр. Әр дәуірде кешегі бүгінгіге, бүгінгі келешекке жалғайтын алтын көпірі, сөз зергерлері һәм шеберлері өз шығармаларында әлеуметтік мәселеге терең бойлауы, заманауи мәселелерге барынша көңіл бөлуі, өзекті дүниелерді қоғам-адам концептісі негізінде жалпыға ортақ мұраттарды шешу жолындағы ұмтылысын байқаймыз. Әр қаламгер — өз заманының жыршысы, барлаушысы. Тәуелсіздік жылдарында шындық пен жалғандықтың аражігін айыру, әлеуметтік мәселелердің көлгей тұстарын көрсету, жаңашылдыққа бой ұру, рухани азғынданудың алдын-алу, қоғамдық қарым-қатынасты зерделеу әдебиеттің басты назарында. Әдебиетте еркіндік пайда болып, шындық бүкпесіз айтылып, егемендігіміздің арқасында бір талай жетістіктерге жетіп жатқанымыз анық. Адамдық мәселе, адам болмысы, жалпы адамтануға ерекше көңіл бөлу, ұлттық көркемдік даму сатысына айналды. Әр дәуірдің қаһарманы — заман рухынан туып, өміршеңдік сипат алып, өз кезеңінің әлеуметтік жүгін арқалайды. Бүгінгінің адамын сөз ету — замандас бейнесінің жарқын көрінісі екенін айғақтайды. С.Қирабаев «Әдебиет және дәуір талабы» еңбегінде: «Әдебиеттің негізгі зерттейтіні — адам мен оның өмірі, еңбегі екені жалпыға мәлім. Алайда, оны көркем бейнелеудің жолы алуан түрлі. Біреу адам өмірін оның нақты іс-әрекетін суреттеу арқылы тырысса, біреулер оның ойын, айналасын, өмір сүрген ортасын танытуға көңіл бөледі. Осындайда адаммен қарым-қатынаста болатын өмір құбылыстарының ешқайсысы да сырт қалмайды» [1; 89] деген болатын. Шынымен, кез келген жазушының өз кейіпкерін нанымды, жүрек тебіренертердей сенімді етіп беру, адамның ішкі жан дүниесін, уақытты, қоғамды бір сөзбен айтқанда замандас бейнесін суреттеу — кез келген жазушының басты мұраты. Бейне жасау жазушыдан талғампаздықты, ізденісті, шеберлікті талап етеді. Әр жазушының өзіндік идеясын жүзеге асыру мақсатында өзгеге ұқсамайтын, ерекше көркем

*Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: t.bota_90_10@mail.ru

бейнелерді тудырады. Сол арқылы оқырман жүрегіне жол тауып, дараланып жатады. Өмір мен өнер — егіз десек, бар өмірін сөз өнеріне сарп еткен, баға жетпес асыл, құнды дүниелер тудырған М.Байғұт шығармашылығы көркемдігімен, қала, ауыл адамы болмасын, тек өзі көзі көрген, қарапайым, әрдайым қарым-қатынастағы адамдарды кейіпкер етіп алуымен ерекшеленген қаламгер.

Зерттеудің деректері мен әдістері

Талдау негізгі етіп жазушының қазіргі заман шындығын бойына барынша мол жинақтаған, өміртанытқыштық әлеуеті күштірек, әлеуметтік характерлері бар шығармалары іріктеліп алынды. Әсіресе, қазіргі заман және оның өтпелі кезең ретіндегі сипатын көбірек танытатын, осындай шақтарда қоғамда белең алатын рухани дерттерді айқындау мақсатында сомдалған характерлері бар, «Тоғызыншы сынып», «Жоғалған жұрнақ», «Ақсақ кемпір», «Кандидаттың имиджі» шығармалары басты нысан етілді. Зерттеуде, негізінен алғанда, әлеуметтік характер дәрежесіне жеткен кейіпкерлерге басты назар аударылды.

Талдау барысында кейіпкер бейнесін сомдауға жұмсалған бейнелеу компоненттерін іріктеу, оның характер ашудағы қызметі көбірек әңгіме болады. Заман шындығын мол қамтыған характерлердің жазушы шығармаларындағы ортақ сипаттарын көрсету мақсатында топтау әдісі қолданылды. Кейіпкердің, жазушының сана типін айқындайтын сөйлеу үлгілері: монолог, ішкі монолог, диалог түрлерінің қызметі талдауға көбірек арқау болды. Тақырыптың өзіндік ерекшелігіне қарай баяндау, материалдарды сипаттамалық және теориялық талдау әдістері басшылыққа алынды.

Негізгі бөлім

Қазіргі таңда ұлттық әдебиетіміз жанр жағынан да, тақырып пен идея, сюжет жағынан да толып, көркемдік жаңашыл ізденістер жолында, түрлі образдарды дүниеге алып келіп, қоғамның бет алысын, әлеуметтік өмір шындығын көрсету жолында өз дәрежесінде қызмет етуде. Әдебиет тамырының терең қанат жайып, баюына бірден-бір себепкер — ол өз заманының жазушысы. Біз М.Байғұтты екі дәуірдің куәгері дейміз. Себебі, XX ғасырдың 60–70 жылдары әдебиетке өз стилімен, өзіндік мақамымен келген қаламгер, бүгінде тәуелсіздіктің арайлы ақ таңының қалай атып, әдебиет пен мәдениет, өнер жолында, жалпы қоғамымызда болып жатқан сан мыңдаған өзгерістерді көріп, санасына түйіп, әдеби туындылар арқылы көпшілік қауымның жүрегіне жол тартқан жазушы. Кез келген қаламгер өзі өмір сүріп отырған заманының бет алысын, келбетін көрсетуге қызмет етеді. Олай болмаса, халқына қарыздар болып қалардай. Қазақ прозасының дамуына өз үлесін қосып, уақытқа сай, көштен қалыспай пікірін, ойын, ақылын дәл керек, қажетті кезінде айтып та, жазып та жүрген ірі қаламгерлердің бірі десем, қателеспеймін.

М.Байғұт — аз жазса да, айтар ойы терең, ұшқыр. Қай шығармасын оқысаңыз да, түйінді ой, толымды пікір қалыптасады. Б. Нұржекеұлы, Д. Исабеков, М. Мағауин т.б. жазушыларымызбен қатар әдебиет майданында бірге қайнап жүрген М.Байғұттың да қаламынан тамаша дүниелер туды. Қазіргі таңда шығармалары 7 томдық кітапты құрап отыр. Атақты жазушы Д. Исабеков жазушы шығармашылығы жөнінде: «Оқушы қауым қарапайым кейіпкерлердің тіршілігімен, өмірдің дәл өзіне кеп Мархабат жазып отырған ақ қағазға секіріп түсе қалғандай шынайы мінездермен, мәдениетті юмормен, баяндау стиліндегі ерекше бір нәзік ырғақпен, басқа шығармаларда кездесе бермейтін, адамдардың мінез-құлқын сипаттаудағы оңтүстікке ғана тән тың бояулармен қайта жүздесіп, жаңа байланыстармен қайта табысып, кітап оқылып біткенде олармен өкіне қоштасып, оның жаңа шығармаларын күтетін жаңа қауым пайда бола бастады» [2; 9] деп, шығармаларынан өмірдің келбеті айқын, анық аңғарылып тұратынын байқаған. М.Байғұт шығармашылығы шынымен де, өзгелерге ұқсамайтын, кейіпкерлері де өз заманының тағдырын айнытпай бейнелейтін үлкен шынайылыққа ие. Жазушы әдебиетке қандай жаңалықпен келді, шығармалары не жайында, заман, замандас бейнесі қандай? Міне осы сұрақтардың жауабын зерделесек...

Кеңес заманы ыдырап, нарық заманына аяқ басып, үшінші мыңжылдыққа табан тіреген уақытта адам, қоғамның өзгергені ақиқат. Өтпелі кезеңде қазақ халқы ғана қана емес, жалпы адамзат қауымы дағдарысқа ұшырады. Жазушының «Тоғызыншы сынып» әңгімесі-ақ талай әлеуметтік шындықтың басын ашқан еңбек. Бірнеше бөлім атаулары — шиеленіскен сюжеттік желілерге құралып, ерекше жайттың боларын алдын-ала хабарлап, оқырманына сездіртіп отырады. Әңгіме басында қалада күнін көре алмай, пәтері болмаған соң ауылға қайта оралған Тоғжанды: «Тоғжан тозыңқы автобустың жанынан жылжымаған күйі «Кітапхана» деген жазуға тағы да қарады. Долы дауыл әншейінде бүкіл ауылды орап жататын мұң мұнараның өзін кітапхана шатырының астына қуып тыққандай көрінді.

Сормандай, сұрғылт жазудан бүкіл ауылдың пешенесі оқылатындай» [3; 89] деген жолдар арқылы табиғат ананың жағымсыз тылсым күштері ауылдың жадау өмірін, адамдар тағдырының қандай екендігін бірден сезіндіреді, қыздың ішкі жан дүниесі мен сыртқы көрінісі қатар шебер жеткізілген. Осыдан-ақ әңгіменің не жайында боларын ұғынатындайсың. Автор «Бірталай қыздардың Тоғжан апайларына ұқсағысы келеді кейде. Алайда қазір кітап ұстап жүру, кітап оқу мазақылау тірліктердің қатарына кетіп қалған секілді. Деседі жұрт» [3; 159] деп түйіндейді. Шынымен, қазір кітап арқалап, кітап таласып оқып жатқан жастарды көрмейсің. Тек қажеттіліктен туындамаса... «Білім — кітапта. Қазіргі таңда балалардың көбісі компьютерде отырады. Сондықтан, болашақта кітап оқығандар компьютерде отырғандарды басқарады» [4; 7] деген ұлағатты түсініп, көкейіне ұғынатын жастар қатары сирек. Қоғам кінәлі дейміз, бірақ қоғамды құраушы — адам екенін ұмытамыз. Рухани кедей, рухани мешеу ұрпағы өсіп келе жатқан ұлттың тағдыры не болары беймәлім. Бізден әлде қайда технологиясы да, әдебиеті де, мәдениеті дамыған АҚШ-тың халқы кітап оқу мен кітап сатып алудан алда. Кітап оқымау деген ұғым мүлде жоқ. Ащы да болса шындық, біздің елімізде жастарға кітап оқыту мақсатында түрлі жәрменкелер, сайыстар, ақшалай конкурстар ұйымдастырып әуреке салынып жатамыз. Жазушы баспасөз бетінде журналист С. Олжабайға берген сұхбатында да осы жайтты сөз етіп: «Бізде бір мың теңгеге аса қажет журналды немесе газетті алты айға жаздырудың орнына отыз-қырық мың теңгеге еркекетотай ұл-қыздарына қалта телефон сатып әперетін әке-шешелер қаншама? Қазіргі жастар тәрбиесіндегі сорақылықтар да, мектеп оқушылары арасындағы қылмыстардың көбеюі де — бәрі де айналайын ана сүтінің уызы, мейірім-қайрымы жиналатын айналайын алақанға айналайын көркем әдебиет кітабын жайып қойып оқымаудан десек, қателеспейміз» [5; 3],- дейді. Автор жоғарыдағы ойды жалғау мақсатында Аяның аянышты тағдырын суреттейді. Өмірге, оқуға еш қызығушылығы жоқ, өз әлемінде жүрген Аян, жанына Асхат пен Айбекті де ертіп алып, Макс, Кай, Барби атанып кеткен (заманауи есімдер) достарымен бірге «ЭксЭлит» кафесінде өткізетін кештері жайлы сөз етеді. Кафе атауының өзі көп жағдайды аңғартады. Ақшаның құлына айналған әкесі мүлде баласының жағдайынан хабарсыз. Инспектор әрең іздеп тапқандағы әкенің сөзі мынау: «Әйтеуір нашақор дей көрмеші... Жарай ма?-деді жалынып, — Шырағым, инспектор інім! Нашақор демеші менің баламды. Абайсызда адам қағып кетсе де құтқарып алуға, құнын өтеуге бармын. Еселеп құн төлеуге дайынмын. Тек нашақор демеші!» [3; 194]. Аян секілді ұл тәрбиелеп, өсіріп отырған Алтыбай Сексенов секілді әкелер қауымы, біздің қоғамда өмір сүріп жүргені шындық. Сананы әбден улаған шөп-темеңкі кесірінен «Достығымыз — мәңгілік. Дұшпан қалсын қаңғырып. Мы будем жить бүкіл елді таң қылып» деп, мақтанып, дабыл қаққан жастардан не қайыр, не үміт?!. «Кітап оқу модыдан қалғалы қашан?! Енді қайта орала ма, жоқ па?! Кітабыңда қоғамыңның да шаруасы шамалы... Абай қазір тіріліп келсе, басқаша айтар! Киберойынға кіріп-ақ кетер. Керемет қой киберойын. Ойланбайсың да, толғанбайсың да, қиналмайсың да! Түймешекті түрте біл, бітті — батырсың! Жөндеп бас — жеңімпазсың! Қаттырақ бас — қырып саласың бәрін! Өлтіру де оңай! Олу де оңай!» [3; 197] деген Сая мен Аяның диалогынан өзін де, өзгені де тани алмаған, жаны, рухы жүдеу, ауырдың астымен, жеңілдің үстімен жүруге құмар, тамағы тоқ, көйлегі көк жаңа заман азаматының бейнесін көресің. Еш бүкпесіз, еш боямсыз оқиғаларды тізбектей отыра жеткізеді. Бұл тек Аяның басындағы ғана жағдай емес, қоғамдық дертке айналмасын деген ниеттен туған тілек. Бір ғана Аян бейнесі, оның психологиясы, оның достарымен қарым-қатынасы арқылы жазушы көп нәрсені санаға құяды. Заманына қарай адамдары да рухани құлдырауға аз-ақ қалған жастар тағдыры, замандас бейнесі осылай көрініс табады. Жалпы, жазушы осы рухани азғындану, әлеуметтік желінің белең алуына қарсылығын, жастардың кітап оқуға деген ынтаның жоқтығына жаны ашиды. Осы идея «Қош бол, кітап!» әңгімесінде де жалғасын табады. Автор әдеби кітаптарсыз қалған қоғамның, оқудан бас тартқан ұрпақтың болашағы аса қорқынышты боларын айтады. Кейіпкерлер бойынан көрінетін сол бір надандық, өзімшілдік, жауапсыздық, тәкаппарлық секілді антиқұндылықтардың әсері күшті болғандықтан, қоғамдағы әл-ауқат пен мейірімділікті жоғалтпау үшін онымен күресу керектігін ескертеді. «Егемен Қазақстан» газетіне жариялаған мақаласында: «Компьютер билеген, интернет илеген. Интеройындар ойнақ салған қым-қуыт, қым-қиғаш кезеңде тым әулекіленбей, тым еліріп, тым елігіп, тым беріліп кетпей, Абай айтқандай «асыл адам айнымасты», «бар нәрседе де де өлшем мен мөлшер болмақ керекті», көксандық пен компьютер мәселесінде һәм мықтап ескеріп, әр әрекетімізге «есті кісідей есеп беріп», кітап дүниесін біз-дағы ұлттық иммунитет ретінде сақтап қалсақ, қасиеттің үлкені — осы. Кітаптан алыстаған ұрпақтың болашағы бұлдыр, келешегі күңгірт», - деген жолдар жоғарыдағы ойымызды толықтыра түседі [6; 4].

Тәуелсіздікке қол жеткізген тұста көркем ой мен сезім ергіндігіне кеңінен жол берілді. Қазақ жазушыларының ішінде ызғарлы желтоқсандағы, сексен алтыншы жылдың қасіретін жүректі сыздатып, екі көзге жас толтыра, үлкен тебірінеспен жазған жазушылар (А.Алтай, Қ.Түменбай, Ж.Қорғасбек) қатарын М.Байғұт та толықтырып келеді. Жазушының «Жоғалған жұрнақ» әңгімесі — кезінде ашық айтып, жазуға мүмкін болмаған тақырып еді. «Жоғалған жұрнақ» деген тақырыбы да ерекше. Ойландырады. Әңгіме де тосыннан «Жұрнақ көке жынданып кетіпті» деп басталады. Оған не себеп болды деген ой да, әңгімеге елеңдетеді. Кейін бірден, автор әкесі Қонақбайдың жайын суреттейді. Бауыр еті баласы үшін ата-ана неге болса көнеді, төзеді емес пе? Желтоқсан оқиғасы аяқталған соң да әкенің жанына тыныштық бермеді жоғарыдағылар. Қайта-қайта шақыртты. Сол жылдардың қаңтар қысын табиғаттың ызғарлы күндерімен суреттейді. Тіпті табиғаттың өзі адам тағдырына қарсы тұрғандай. «Бөрі-боран ұлып қоя берді», «төрт-бес күндей жарық болмай қалды», «бағаналар құлап, ұзыннан түсіп сұлап жатты» [3; 119] деген жолдардан пейзаждық көріністен бұрын, жастардың желтоқсанның боранды күніндегі жан арпалысын сезінеміз. Сұлап жатқан бағана емес, өмірлері қиылған жастар еді.

Азапқа шыдамаған әке көп ұзамай қайтыс болады, алайда автор соңғы ақтық сапарға 7–8 адамды ғана қатыстырады. Мұсылман халқында жаназасын жасырын шығару дегенді бұрын-соңды естідік пе? «Неге екенін кім білсін, өкіре дауыстап, шер таркатқымыз келгенімен, үнімізді шығармай, әлдекім әлдеқайда барып айтып қоятындай-ақ қысылып, қыстығып жыладық. Жасырын аққан жас көзді қаттырақ ашыта ма, баршамыздың жанарларымыз Текемет кентінің шеткері үйлерінде көзге қарай көбірек басылатын текеметтің төріндегі қызыл бояудай білеулене домбықты. Ойпырай десеңізші, сонда ше, бір-бірімізге бұрынғыдай сенімді де еместейміз. Жасқаншақтай, жалтақтай қарайтындаймыз. Бас шіркінді сескене, секемдене көтеретіндейміз. Сөйтетінімізді сыныптастарымыздың қай-қайсысы да сезбейді дей алмаспыз» [3; 120] деген мектеп оқушысының ішкі ойы арқылы адамдардың, халықтың психологиясын береді. Өз ойын ашық айта алмайтын, айтқысы келсе де тыйым салынған, қойдай жуас қазақ халқының көрінісі елестейді. Талай шындықтың жасырын жер жастанып жатқаны өтірік емес. Әлденені айтып қоярдай бір-біріне сенімсіздікпен қарау да, жасқаншақтық, жұртқа жалтақтайтын қасиетіміз де баршылық.

«Жынды Жұрнақ адамдарды бір-бірінен ажырата алмайтын, кісі танымайтын. Кімнің кім екенін мүлде білмейтін» деген жолдар қазіргі ұрпақтың жағдайын астарлайтындай. Жаһандану дәуірінде өмір сүріп жатқан ұлт пен ұрпақ мәселесі бар. 30 жыл азаттықта өмір сүрсек те, тілді, ділді, тарихымызды жаттатқызып әуреке салынып жүрміз. Жынданған Жұрнақ — ұлтымыздың бейнесі. Кезінде тіл, ұлт, ел, жер үшін жандарын қиған талай боздақтардың түбірі жоғалмаса деп армандайсың. Жақсының жұрнағы жынданған, жоғалып жатса, қазақы қасиеттен айрылғанымыз. Жазушы «адамзаттың наданзатқа» айналып кетер қаупі барына алаңдайды. Өтірік деп айта алмайсыз!

Сондай-ақ, М. Байғұт қоғамдағы талай кемшіліктерді сын садағына нысана етеді. «Ақсақ кемпір» әңгімесі де тіл мәселесіне қозғау салған шығарма. «Табиғат қоғамындағы тоғыздың төртеуі қазақ, бесеуі орыс. Бірде-біреуі қазақ тілінде жазбаша сөз түсіріп, сөйлем тізе алмайды. Іс қағаздары да, ары-бері ағылып жататын хат-хабарлары да толайым-түгел орыс тілінде. Әрине, үлкен, қазақылау өлке болған соң, ара-арасында ауылдың хәм үні бар, тілі бар дегендей, қазақша хаттар мен хабарлар, сыпырадай-сыпырадай сала құлаш арыздар мен шағымдар, тағысын-тағылар болмай тұрмас. Ондай-ондайларды орысшаға аудармақ талап етіледі. Себебі халық депутаттары облаткомында біздің тілде оқитын бастық жоқ. Бұл — бір. Қазақ тілінде жеткен жазба-сызбаларға сол тілде жауап қайтармақ және керек. Бұл — екі. Міне, табиғат қоғамындағылардың мына біздей тайқымандайларыңызды төтенше құрмет тұтып, қолпаштайтыны осыдан» [3; 59], — деп автор жоғары жақтың жағдайын жіпке тізгендей етіп, айтып береді. Жазушы қоғамдағы ана тілімізге деген құрметтің жоқтығын, орыс тілі әлі де болса өз мінберінен түспей тұрғандығын ашық айтады. «Табиғат қоғамы» дегені астарлап берілген, ол өзіміз сүріп отырған қоғам, біздер. Жазушының «адам түзелмей, қоғам түзелмейді» дегені де осындайларға қарата айтылған. Сол қоғамда орын алып жатқан жағдай. Тәуелсіздік алып, көк туымыз желбіресе де тілдің жағдайы әлі де мәз емес. 30 жыл уақыт өте тұра, баяғы жартас - бір жартас. Мәңгілік ел боламыз десек, тілімізді, тарихымызды, мәдениет, әдебиетімізді жетік меңгеру керектігін айтудай-ақ айтып, жазудай-ақ жазып, тіпті басшылар Үкіметке тапсырма беріп, барын салса да жөнделер емес. «Қазақ қазақпен — қазақша сөйлесетін» күн қашан туар екен. Көшеде кетіп бара жатып, адамдардың бір-бірімен сөйлескенін аңдасаң ана тілдерінде сөйлесетіндері сирек-ақ.

«Ақсақ кемпір» дегені біздің ақсаған қоғам. Жаңа бастық келгеннен кейінгі ауа райының өзгергені сияқты бірден түрлі жағымды-жағымсыз жағдайлар орын алары анық дүние ғой. Сол сәтті

жазушы Клавдия Кондратьевнаны сипаттау арқылы тамаша жеткізеді: «Жаңа төраға тағайындалғаннан кейін біразға дейін ақсақ кемпірдің көңіл күйі келіңкіремей жүрді. Өзі әлдеқашан зейнеткерлікке шыққан, жасы жетпіске жақындақырап қалған Клавдия Кондратьевна тоғыздың қалған сегізіндей емес, жүріс-тұрысы жадау, киім киісі жүдеу көрінетін. Оның үстіне, неден болғанын қайдан білейік, сол аяғынан қатты ақсап, шойындап жүретін» [3; 120]. Зейнеткерлікте жүріп, жұмыс жасап жүрген адамның мазасыздануы орынды. Жаңа бастық келсе, кадр арасында өзгеріс болып, өз адамдарын әкеліп, басынып жататындар жетерлік. Сондайлардың қатарынан ба деп зәресі ұшқан болуы керек, денсаулығы да сыр беріпті. Жазуы бұл жайында ашық жазады «Облаткомның жаңа төрағасы өзі қоғамдық негізде басқаратын барлық қоғамдардың аппараттарын жартылай қысқартып, бірқатар жетекшілерін ауыстырып жіберіпті. Ақырында ақсақ кемпірдің де үш бөлмесі, бес адамы шегеріліп, әйтеуір, абырой болғанда өзі орнында қалыпты» дейді. Не бір жаны таза, адал, елім деп еңбек ететін басшыдан, ата-баба қанымен, жанымен келген тілімізден ақсап отырмыз. Шығарманың айтары көп, бірақ бірден аңғартынымыз қазіргі замандастың шынайы бейнесі, қоғамдық кесел, әлеуметтік шындық айқын көрінеді.

М.Байғұттың «Кандидаттың имиджі» әңгімесінің де берері мол. Ел тарихында саяси оқиғаға айналған, тәуелсіз елдің тағдырын айқындайтын сайлау мәселесі, оның өткізілуі кейіпкер әрекеттерінің шынайылығында, қоғам талаптарына сай психологиялық құбылыстарды шебер үйлестіре бейнелеуінде. Әңгіме «Веранда» кафесіндегі бас қосудан басталады. Тамаша отырыс. Мәжілісті жасап берген белді банк орынбасары. Шәкірттерінің бірі. Өзіңіз әрі ойлай беріңіз... Еш кейіпкердің есімі айтылмайды. Бәрі де құпия. Штаб бастығы, журналист, менеджер, кеңесші. Кандидаттың имиджін қалыптастырамыз деп жүрген жағымпаз, жылпостар кілең. Әркімнің өз міндеті бар, әр іске жауапты. Журналистер — БАҚ-тағы беделін марқайтушылар, сайлау науқанының жетекшісі — стратегиялық жоспар құрады, қауіпсіздік жағы — заңгеріңізге тапсырылған, штаб мүшелерінің басты міндеті — кандидатын халық үшін қызмет етуге ниетті азаматтардың қатарынан-мыс. Осылайша өз қызметтерін бөліп алып, халыққа қызмет етіп, адал еңбек етіп жүрміз деген жандар бір ғана «Кандидат имиджін» құрастыру соңында итқұлқынға айналғанын көрсетеді. Қызметін атқарады, істі тындырады, кішісі үлкенін қорғаштайды, үлкені кішісін ақшақұлқынмен жарылқайды. Кезінде әкесі де белді қызметте болған кандидатыңыз, жастайынан жоқшылық көрмеген, тағынан тайып көрмеген адам. Болғанның үстіне болсын дейді. Автор кандидаттың беделін көтеру мақсатында, оны ақтап алу мақстаныда мәжіліс ашады. Сонда қасында күн-түні қызмет етіп жүрген менеджер:

– «Төмендеңкіресем, жалғыз ғана жақсы кемшілігіңізді атап көрсетейін, ол — төмен етекіден тартыңқыраған теперішіңіз» деп мысқылдайды. Әңгіменің өн бойы астарлы ой мен кекесінге толы. Мәжіліс соңында қайта осы сұраққа оралып:

– Төмен етекідерден тартқан теперіштеріңіз және олардың электорат санасындағы жаңғырықтары жайында айтылып қалды ғой, — деді қауіпсіздік жағына жауапты жігіт. Осы мәселенің зарар-зиянын залалсыздандырмақ, жағымсыз жақтарын мәнсіздірмек керек. Ол үшін осы бастан отбасыңызбен, әсіресе апаймен жұрт алдында аса көп көрінгеніңіз ләзім» деп, тағы бір рет сөзбен шағыңқырайды. Халық алдында бақытты отбасылардың қатарынан табылып, жалған қойылым қою кандидатыңызға аса қажет. Көзбояушылық, екіжүзділік, жалған ақпарат, жағымпаздық, шенқұмарлық — біздің қоғамның анық көрінісі. Автор әңгіме барысында: «Жетімдік-жаутаңкөздіктің беті әрмен, олар өз басына түсе қойған жоқ. Өз қатарларынан ылғи да алда болды. Оқ бойы озық жүргені рас. Тозық киім кимеді, жылытпа тамақ ішпеді... Төрт құбыласы түгел, іргелері нық, ұйқысы қанық, күлкісі анық сияқты. Айхой, ат та болды, атақ та болды, даңқ пен дүние де, дос пен жолдас та, от пен ойнас та болды. Болмай қалған нәрсе жоқтай, байқаса» [3; 223] деп бастан-аяқ кандидаттың жағдайын ашық түрде сипаттап береді. Автор кейіпкерінің төрт құбыласы тең тұрса да, соның бәріне күмәнмен қарайды. Тағы бір аңғартатын жәйт, депутатыңа қарапайым адамдар сайлана бермейді. Бір сөзбен айтқанда, кандидат және қолшоқпарларының істері, біз өмір сүріп отырған замандағы нағыз бай-бағландардың әрекеті. Дос-жаран, тамыр-таныстықтың арқасында билікке ұмтылған 55 жастағы кандидат бейнесі. Бұл әңгіменің ерекшелігі, еш бүкпесіз, өмірде қалай бар, солай, шынайы, өзіндік ым-ишара, астармен әдемі жеткізеді. Коттедж, көлігі, қаржысы, жағымпаз достары бәрі бар. «Халықтың қамын жеген, қазақтың қамытын киген кейіптегі рөлді ойнай ала ма бұл? Ойнағанда қандай! Өп-өтірік ойлағанда қандай?!... Бір кісідей дауыс бер. Ха-ха-хah! Көрді ғой осыларды. Кез-кезеңдер келмесе кетті» деп қапаланады. Қазақ қоғамындағы бүгін күн шындығы. Кандидаттың имиджі арқылы қоғамның имиджін танытып отыр. Билікті, өтірікке иланған қара халықты, бәрін көре

